

Маймаққаздар немесе Гагаралар



Орындаған: Егемберді Н.Қ.

Тобы: Х(о)-17к

Қабылдаған: Мадиева А.Н.

Маймаққаздар

Маймаққаздар немесе Гагаралар (лат. *Gavia*) — бес түр, бір туысты қамтитын гагаратәрізділер отрядының жалғыз ғана тұқымдасы. Гагара тұқымдастардың барлық түрі негізінде солтүстік жарты шардың тундралық және тайгалық зоналарында өмір сүреді. Маусымдық жылысайтын құстар.

Ерекшеліктері

Гагаралар 5 түрді қамтиды:

Қызылжемсаулы гагаралар;

Қаражемсаулы гагаралар;

Ақмойын гагаралар;

Ақтұмсық гагаралар;

Қаратұмсық гагаралар.

Маймаққаз түрлері



Сипаттамасы



Анықтау кезінде тамағы және мойнындағы түсті дақтар, сондай-ақ нәзік және үшкір тұмсықтың түсі үлкен рөл атқарады. Олардың ең кіші денелесі (қызылжемсаулы) 1 кг-нан, ең ірі денелісі (ақмойын) 6 кг-нан астам салмақ тартады және қанат алымы біржарым метрден асып түседі.

Сипаттамасы

Маймаққаздар дене мөлшері орташа, кейде ірі (салмағы 1 кг-нан 5 кг-ға дейін) болатын су құстары. Тек Солтүстік жарты шарда таралған. Қоныс аударып тіршілік етеді. Қазба қалдықтары жоғары палеоценнен белгілі. Қазір 1 тұқымдас, 1 туысқа бірігетін 5 түрі бар. Тұлғасы мен мойны ұзын әрі жіңішке, басы сопақша, тұмсығы үшкір. Аяқтары тұлғасының артына қарай орналасқан, осыған орай жерді жақсы басып жүре алмайды. Алдына қарай бағытталған 3 саусағы жүзу жарғағымен байланысқан. Денесі тығыз әрі қалың қауырсынды. Шапшаң ұшады, бірақ ұшар алдында су бетін сабалап, қасқалдақ тәрізді ауыр көтеріледі. Суда, жақсы жүзіп, сүңгиді.

Қоректенуі



Негізінде балықпен қоректенеді, дегенмен қажет болған кезде шаянтәріздестерді, ұлуларды, құрттарды да жейді.

Балапандарына бунақденелілердің дернәсілдерін тасиды



Аталығы мен аналағы

Гагаралардың барлығында жоғары дәрежелі желпуіш қауырсындары бір мезгілде түлейді. Аталықтары мен аналықтарының түсі бірдей, аталықтары біршама үлкендеу болады. Біркелкі сұр түсті 2 балапандары бар. Саны аз болғандықтан, бұл құстардың шаруашылық маңызы болмайды.



Маймаққаздар

Маймаққаздар — моногамды құстар. Көл жағалауларында, батпақты жерлерге шұңқырлап ұя салады. Әрбір ұяда әдетте 2 (1 — 3) көкшіл-қоңыр дақтары бар жұмыртқа болады. Оларды қоразы мен мекиені кезектесіп 1 айдай шайқап, кейін балапандары қанаттанғанша (1,5 ай) қоректендіреді. Көбіне балықтарды, сондай-ақ, су омыртқасыздарын, бақалар мен су өсімдіктерін қорек ретінде пайдаланады.



Қазақстанда маймаққаздардың 2 түрі бар:

Қызылжемсаулы маймаққаз (*Gavia stellata*)

- Жайық өзені мен Каспий теңізінде ұялайды. Кейде Сырдария өзен мен Телікөл көлі маңында да кездеседі.

Қаражемсаулы, немесе ала маймаққаз (*Gavia arctica*)

- Торғай өзені мен Алакөл көлдерінде және Марқакөлде ұя салып балапан өрбітеді. Қоныс аудару кезінде Қазақстанның барлық аймағында кездеседі, кей жылдары оңтүстік аудандарда қыстап та қалады.

Назарларыңызға рақмет